ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

# ОТАН ТАРИХЫ
## ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

**Құрылтайшы:**
Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редакторы**:
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**
Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбай Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

.

**Жауапты редактор**:
Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліққызы

**Жауапты хатшы**
Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшылар**:
Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

**Редакцияның мекен-жайы:**
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: https://otan.history.iie.kz
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель:**
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусеитова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

**Ответственный редактор**
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

**Адрес редакции:**
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: https://otan.history.iie.kz
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно делается ссылка на журнал.

**Founder:**
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

**Chief editor**
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board:**
Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

**Executive Editor**
Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Scientific Editor**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Executive Secretary**
Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Technical secretary**
Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

**Editorial office address:**
050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homland»

Link to the website: https://otan.history.iie.kz
Tel.: +7 (727) 272-46-54.
Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

**ҒТАМР 03. 61.91** **DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_216**

# ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы)

**Бибизия Қалшабаева Кенжебековна[1*ID], Әділет Узбекбай[1]**

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан, Алматы.

*Корреспондент-автор
E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru (Калшабаева), adilet_71_97@mail.ru (Өзбекбай)

**Түйіндеме.** Мақалада Орта Азия халықтарының неке және отбасы қатынастарындағы сый алмасу дәстүрлері, оның ішінде қалың мал мен қыз жасауына ерекше назар аударады. Авторлар қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының сый алмасудағы ортақ ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстыра отырып көрсеткен. Салыстырмалы әдісті қолдану барысында XIX-XX ғғ. бас кезеңіндегі көптеген зерттеушілердің еңбектерін негізге алған. Онда қалың малдың шығу төркіні, оның көлемі, құрамы жөнінде, қазақ, өзбек, қырғыз,түркімен т.б. халықтар арасындағы қалың мал мөлшерінің ерекшеліктері жөнінде де жан-жақты қарастырылады. Сол сияқты қызға жасау берудің міндеткерлігі, оның маңызы жөнінде де айта келіп, бүгінге дейін жалғасуына қатысты да өз пікірлерін білдіреді. Қазіргі кездегі дәстүрлердің трансформациялануы байқалғанмен этностардың ортақ құндылықтарға сүйенетінін көрсетеді. Орта Азияда мекен етіп отырған аталмыш түркі халықтарының сый алмасу жүйесіндегі ортақ байланыстарды талдау қазіргі қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бұл сонымен қатар, осы өлкедегі автохтонды халықтар үшін өз мәдениетін ортақ ұстанымдар негізінде зерттеуге мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Орта Азия, неке, отбасы, сый алмасу, қалын мал, жасау, дәстүр, мәдениет.

**МРНТИ (ГРНТИ) 03. 61.91**

# ТРАДИЦИИ ОБМЕНА ДАРАМИ В СЕМЕЙНО-БРАЧНЫХ ОТНОШЕНИЯХ НАРОДОВ СРЕДНЕЙ АЗИИ (СЕРЕДИНА XIX-НАЧАЛО XX В.)

**Бибизия Калшабаева Кенжебековна[1*ID], Адилет Узбекбай[1]**

[1]Казахский национальный университет им. Аль-Фараби Казахстан, г. Алматы.

*Корреспондирующий автор
E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru (Калшабаева), adilet_71_97@mail.ru (Узбекбай)

**Аннотация.** В статье особое внимание уделяется традициям обмена дарами в семейно-брачных отношениях народов Средней Азии, в том числе роли калыма и приданого невесты. Авторы показали общее сходство и различия в обмене подарками у казахского народа и народов Средней Азии. В ходе применения сравнительного метода за основу были взяты труды исследователей XIX-начала XX вв. В статье подробно рассматривается происхождение понятия «калым», его объем, состав, особенности калыма у казахских, узбекских, киргизских, туркменских и др. народов.

Калым, также как и обязательство родителей давать девушке приданое, важные обычаи, сохранившиеся до сегодняшнего дня. Несмотря на то, что сегодня традиции трансформируются, рассматриваемые этносы опираются на общие ценности. Анализ общих связей в системе обмена дарами у тюркских народов, населяющих Среднюю Азию, рассматривается как актуальная проблема современных общественных наук. Он также позволяет изучать культуру автохтонных народов этого края на основе общих принципов.

**Ключевые слова:** Средняя Азия, брак, семья, обмен подарками, калым, создание, традиции, культура.

**IRSTI 03. 61.91**

**TRADITIONS OF THE EXCHANGE OF GIFTS IN FAMILY AND MARRIAGE RELATIONS OF THE PEOPLES OF CENTRAL ASIA (MID-19TH-EARLY 20TH CENTURY)**

**Bibiziya Kalshabayeva Kenzhebekovna[1*ID], Adilet Uzbekbay[1]**

[1]al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

[*]Corresponding author
E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru (Kalshabayeva), adilet_71_97@mail.ru (Uzbekbay)

**Abstract.** The article pays special attention to the traditions of the exchange of gifts in family and marriage relations of the peoples of Central Asia, including the role of kalym and dowry. The authors showed the general similarity and differences in the exchange of gifts among the Kazakhs and the peoples of Central Asia. In the course of applying the comparative method, the works of researchers of the 19th-early 20th centuries were taken as a basis. The article deals in detail with the origin of the concept of "kalym," its composition, features of kalym among Kazakh, Uzbek, Kyrgyz, Turkmen and other peoples.Kalym, as well as the obligation of parents to give the girl a dowry, important customs that have survived to this day. Despite the fact that today traditions are being transformed, the ethnic groups under consideration are based on common values. Analysis of common ties in the system of exchange of gifts among Turkic peoples inhabiting Central Asia is considered as an urgent problem of modern social sciences. It also allows you to study the culture of the autochthonous peoples of this region on the basis of general principles.
**Key words:** Central Asia, marriage, family, gift exchange, Kalyn mal, creation, traditions, culture

**Кіріспе.** Орта Азия халықтары арасындағы неке және отбасылық қатынастары ертеден келе жатқан дәстүрлерге сай, сый алмасу қарым қатынасына негізделді. Орта Азияда орналасқан отырықшы және көшпелі халықтар арасындағы сый алмасу дәстүрлерінің оның ішінде «қалың мал» мен «қыз жасауы» дәстүрлерінде өзара ұқсастықтар мен ерекшеліктер жеткілікті. Мәселен, Орта Азиядағы түркітілдес халықтар мен иран тілдес тәжік халықтарының неке және отбасын құраудағы сый алмасу дәстүрлерінің сыртқы түрі бөлек болғанмен ішкі мағынасы ортақ болып келеді. Сый алмасуда, оның көлемі мен алмасу мағынасына этностардың жүргізіп отырған шаруашылық жүйесі де тікелей ықпал ететіндігі белгілі. Соның ішінде қалың мал төлеу, қыз жасауын беру тәртібі әр этностың тіршілік қамы жүйесіне негізделген. Қазіргі кезеңдегі, отбасы институтындағы өзгерістердің орын алуы қоғамдық қатынастармен шаруашылықтың өзгеруі, халықтардың урбанизациялық үрдістерге белсенділігі, отбасылық құндылықтар танымы, т.б. байланысты.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланы жазуда негізінен XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. бас кезеңіндегі орыс зерттеушілерінің еңбектері негізге алынды. Атап айтқанда, Г. Загряжскийдің, В.Д. Троновтың, И. Козловтың, Х. Кустанаевтың, И. Ибрагимовтың, т.б. Сонымен қатар Орта Азия халықтарының неке және отбасылық қатынастары мен ондағы сый алмасу дәстүрлері жөнінде зерттеген С.М. Абрамзонның, Н. Кисляковтың, А. Джикиевтің, А.Т. Бекмуратовтың, М. Борознаның және Х. Арғынбаевтың т.б. еңбектері.

Мақаланы жазу барысында жалпы ғылыми тарихи принципке, жүйелілікке, салыстырмалы және эксперименталды талдауға негізделді. Зерттеулермен қатар корреляциялық талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдістер ертеден қатар бір кеңістікте өмір сүрген туысқан халықтардың дәстүрлі мәдениетінің ұқсастығы мен ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді.

**Талдау. Мәселенің зерттелуі.** Орта Азия халықтарының неке және отбасылық қарым-қатынасы, дәстүрлері XIX-XX ғғ. орыс зерттеушілерінің еңбектерінде кеңінен сипатталған. Дегенмен де Орта Азия халықтарының неке және отбасындағы сый алмасу мәселелеріне қатысты салыстырыла отырып арнайы зерттелген еңбектер жоқтың қасы болса да олардың ішінен сый алмасу дәстүрлерін екшелеп, аталған аумақтағы халықтардың қарым-қатынасындағы ролі мен орнын анықтауға болады. Бірақ, жеке-жеке қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. халықтарының отбасын құраудағы сый алмасу дәстүрлері XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде кеңінен қамтылған. Қазақ отбасындағы неке құрау, ажырасу мәселелерімен қатар сый алмасудың қомақты бөлігі қалын малдың көлемі А. Подварковтың еңбегінде сипатталады (Подварков,1910:62–64). Ал, Х. Кустанаевтың (Кустанаев, 1894: 23–32) және И. Ибрагимовтың «Этнографические очерки киргизские народа» еңбектерінде де қазақ халқындағы қалын малдың көлемі және оған не кіретін сый-сияпаттар жан-жақты көрсетілген (Ибрагимов, 1872: 126-144).

Қазақтың отбасылық қатынастарындағы дәстүрлі мәдениеті қалын малдың көлемі мен оның құрамы жөнінде М.А. Леваневский (Леваневский, 1895: 76-78), Ы. Алтынсарин (Алтынсарин, 1870:104-

116), Н.И. Гродеков (Гродеков, 1889: 5-56), Н. Изразцов (Изразцов, 1897:72-83) сияқты зерттеушілер пікір білдірген. Қазақтың дәстүрлі неке және отбасы жөнінде ғылыми талдай отырып, үлкен еңбек жазған Х. Арғынбаевтың зерттеуінің орны айрықша (Арғынбаев, 1995).

Осы сияқты қырғыз халқының қалың мал беру дәстүрлерін С.М. Абрамзонның еңбегінде Памир қырғыздарында қалың мал көлемі бір жамбы – 15 бас малға теңестірілгендігін жазады (Амбрамзон, 1959: 32). А. Джумагуловтың зерттеуінде отырықшы қырғыздар қалың малдың орнына астық, кейінірек ақша берілгенін жазса, (Джумагулов, 1960:34–36). ал, қарақалпақтар арасындағы сый алмасу А.Т. Бекмуратовтың зерттеуінде жан-жақты қарастырылған (Бекмуратов, 1967:13). Осы сияқты түрікмен халқы арасында қалын малдың формасы әртүрлі болғанын зерттеуші Эйхвальдтың еңбектерінен (Эйхвальд, 1838:153), А. Андреевтің (Андреев, 1900:532–534) зерттеулерінен көруге болады. А. Джикиев еңбегінде түрікмендердің құдаласу үрдісіндегі сый алмасу түрлерін жазады (Джикиев, 1963:153–163). Ал, өзбек халқы арасындағы қалын мал мәселесін А. Вамберидің (Вамбери, 1868: 95–101) еңбегінде және В. Наливкинның «Очерк быта женщины оседлого туземного населения Ферганы» зерттеуінде көрініс табады (Наливкин, 1886:196–229). Қалың малдың шығу тегі, әлеуметтік түп тамыры жөнінде Г.И. Карпов түркімендерді мысалға алып жазады (Карпов Г.И., 1963: 29). Н.А. Кисляковта Орта Азия халықтарының отбасы және неке қатынастарындағы әдет ғұрып-салт дәстүрлеріне тоқтала отырып,сый алмасу мәдениетін көрсетеді (Кисляков Н.А., 1952:76-77). Жалпы, Орта Азия территориясын мекендеген этностардың сый алмасу жүйесіне қатысты мәліметтер XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі арнайы зерттеулер мен кейбір деректерде жан-жақты көрініс тапты. Ал, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл зерттеулер іргелі еңбектерге айналып, методологиялық тұрғыда бір ізділікке түсе бастады.

**Нәтижелері. Орта Азия халықтарының отбасын құрауға қатысты сый алмасу дәстүрлері.** Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтардың этногенетикалық түп-тамыры бір дегенімізбен тұрмысы мен мәдениетінде ортақ ұқсастықпен пен қатар ерекшеліктер де жеткілікті. Әрине, оның бәрі халықтың қоршаған ортасымен сол аумақта қалыптастырған дәстүрлі мәдениетімен байланысты екендігі белгілі.

***Қалың мал.*** Қалыңдықтың өтеуіне қалың мал беру Орта Азия халықтарының барлығында кездеседі. Қазақ халқының үйлену дәстүріндегі негізгі орындалатын салт ол «қызға берілетін» яғни «қыз үшін төленетін мал дүниелер» болып табылады. Қалың мал туралы әртүрлі, әр жақты түсініктер бар. Қалың мал төлеудің мәнін дәстүрлі құқық әртүрлі жағдайда, мәселен қызды алуына қарай жасалатын төлем екенін қарастырады. Орта Азия халықтары арасында қалың мал төлеу шартты түрде сый алмасу үрдісі болғанымен оның, орындалу уақыты мен оған қатысушылардың құрамы, мұндағы жүргізілетін рәсімдер көптеген күрделі үрдістерден түрды.

Қазақ арасында әл-ауқатына қарай қалың мал есебінде негізінен төрт түлік мал берілетін. Қалың мал мөлшерін А. Левшин: «...кедейлерде 5-6 қой, ірі байлар арасында 200 жылқы не 500 ден-1000 қойға дейін және әртүрлі мүлікпен қоса күң мен құл алысуға дейін барады, ал, екінші және үшінші әйелдің құны арта түседі», - деп, көрсетеді (Левшин, 1832:98). XIX ғ. қазақ отбасына байланысты әдет ғұрыптарды зерттеген И.И. Ибрагимов: «... қалың мал мөлшері байларда 57, 47 бас мал болып, кедейлерде 17 бас не домалақ қалың мал болғандығын баяндайды (Ибрагимов,1872:128). Ал, енді Түркістан өлкесі жөнінде бірнеше еңбектер жазған Л.Ф. Костенко: «Қазақтар қалың малды байлығына қарай 120, 60, 40 қой шамасында беріп, оған қоса бас жақсы және аяқ жақсы береді. Мәселен, бас жақсыға 9 түйе, оған қоса бәрінен бұрын 1 не 2 кіріптар (құл-күтуші), аяқ жақсыға бір түйе, бір ат, бір сиыр және қару, ал, кедейлер бас жақсыға 1 не 2 түйе, аяқ жақсыға атпен шапан, кейде оның орнына сиыр, қой, ешкі беретін болған. Қалың малды арнайы адам барып алып келеді (Костенко, 1880:350). «Сырдария қазақтарындағы ең үлкен қалың мал 8 құлынды бие, 13 ат және 9 түйе», - деп жазды Ә. Диваев (Диваев:1900:15). Сонымен бірге сауда-саттық жақсы дамыған, қалаларға жақын (Ташкент, Түркістан, т.б.) орналасқан қазақтар арасында мал басын ақшаға шағып, ақшалай төлеу не малға қоса ақша беру әдеті де кең орын алғандығын Қалшабаева да жазады (Қалшабаева, 2011:268).

Қалың малдың ең шағын түрі - шамамен он бес малдан тұратынды «домалақ қалың мал», қырық жеті байталдан тұратын қалың малды «домалақ қырық жеті» деп атайды. Қалың малдың «бас жақсы» бөлігіне қосымша төрт түйе беруді «аяқ жақсысы» деп атайды. Орташа қалың малды (20-40 бас мал) «балама қалың мал» деп атайды. Х. Кустанаевтың мәліметі бойынша 47 бас малдан тұратын қалын мал жетіге бөлінеді. Оның өз атаулары бар, мысалы, - бас жақсы – 10 жылқы немесе 9 түйе. Құлынды бие (8 құлынды бие); құнажын байтал (3 жасар жылқылар) 8 бас. Тай – 7 бас; Ту бие – 1 бас. Сонымен қатар, жанама жақсы – 1 жылқы немесе бір түйе. Аяқ жақсы – 4 бас жылқы, түйе, сиыр және мал басына бағаланатын қару беріледі (Кустанаев, 1894: 23-32). Қалың малдың осылай жетіге бөлінуі шартты түрде қатып қалған қағида емес, керісінше кейде, жылқы орнына қой беріп, ортақ келісімге келіп жатады. Кейде 120 қойдың орнына 80, 60, ал 40-қойға 27 бас мал беріледі, оның себебі, малдың ішіндегі төлді қоса есептеумен байланысты. Қазақ арасындағы қалың мал мөлшері құдалардың әл-ауқатымен байланысты екендігі дау тудырмайды, дегенмен де халық арасында қыз туылғанда 47 туылды деп

жататыны, сол қазақ арасындағы қалың малдың мөлшерімен шамалас екендігін байқауға болады (Қалшабаева, 2011:268-269).

Қырғыз халқындағы қалың мал көлемі де екі жақтың әлеуметтік жағдайына байланысты болып, қалын мал төлемі малмен өтелетін. Зерттеушілердің пікірінше кейінгі уақыттарда қарғыздардың қалың малы бірнеше есеге азайғанын жазады. Мысалы, Н. Гродеков бай манаптар ертеректе 100 жылқыға дейін қалың мал төлеген болса, XIX ғасырдың 80 жылдары қалың малға 30-40 жылқы төленгендігі жөнінде жазады (Гродеков, 2011:80). С.М. Абрамзон, Памир қырғыздары «қалың мал» малмен өтелгенімен күміс ақшамен теңестіріліп, бір жамбы – 15 бас малдан тұрғанын айтады (Абрамзон, 1959:32). А. Джумагуловтың мәліметтерінде отырықшы қырғыздарда қалың малдың орнына астық және кейінірек ақша берілгені жазылады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, кейін келе қырғыздардың қалың малы бірнеше есеге азайғанын жазады. Сонымен қатар, бай қырғыздар ұл-қыздарын ерте жастан атастырып, оның қалың малын әр жылға бөліп төлеп отырған. Оны тойға дейінгі уақытта құтылып, екі жасты қосқан (Джумагулов, 1960:34-36). С.М. Абрамзонның айтуынша кедей қырғыздар үшін қалың мал күрделі проблемаға айналған. Соның әсерінен қалың малды төлей алмайтын кедейлер ұзақ уақыт үйленбей жүруге мәжбүр болған. Кейде қалыңдық үйінде жұмыс істеп ақтайтын болған (Абрамзон, 1946:49). Ал, енді қырғыздарда да балаларды бесіктегі кезеңнен атастыру яғни «Бешик куда» болу кездеседі. Оны басқа да халықтармен көршілес тұрған қырғыздарда жергілікті диалектіге сай, «бешикте белгилешти» немесе көршілес өзбектерден енген «бешик кетти» деп атады. Оның мағынасы қыз атастырылған, оның егесі бар деген сөзді білдіреді. Сондықтан оны иесі бар «эгаси бар кыз» - деп санаған. Бұл жағдайда оған 50-100 қой шамасында бір қора қой беретін болған. Мұнан басқа әрбір мереке-мейрамда, басқа да ерекше жағдайда жігіт жақтың құдалары көйлектік мата, орамалдарын сыйлыққа әкелетін болған. Сөйтіп, қалыңдық бойжеткенше қалың мал толық өтелетін болған. Бесік құда болғандар бір-біріне құда-құдағи атасып, сый сияпаттарымен алмасады (Дингельштет, 1892:32).

Өзбек халқы арасындағы қалын мал институты да олардың қоныстану және шаруашылық жүйесімен байланысты ерекшеленеді. 1868 жылы Вамбери Хорезм өзбектерінің қалын мал көлемін тоғызбен өлшенетіні, оның құрамына ірі қара мал, түйе, жылқы, қой кіретіні, өзбектер алты тоғызға дейін беретіні көрсетіледі (Вамбери, 1868: 95-101). Ал, қалын малдың белгіленген бұл мөлшері қалалық жерде ақшамен есептелетін. Сол сияқты А.П. Хорошхин қалың малдың көлемі «тоғыз» мөлшерімен есептелетіні, оның ішіне көптеген қажетті заттар, киімдер, әшекей бұйымдар, азық-түлік және ақша кіретіндігі, бұл заттар қалыңдықтың тойында пайдаланатындығын жазады (Хорошхин, 1876:120-123).

М. Наливкин XIX ғасырдың 80 жылдарынан бастап Ферғана даласы отырықшы өзбектерінің арасында қалын малдың жоғала бастағанына назар аудартады. Оның пікірінше қалың малдың көлемі әртүрлі болған. Кейбір жетім немесе кедейдің қыздарының қалын малы 12-15 сомнан аспаған. Ал, бай өзбектердің арасындағы қалын мал құны 100 сомнан асып кететін, қышлақтарда малмен, астықпен, қалалық жерде ақшалай беріліп, оның есебінен қыздың жасауын дайындап, тойын өткізетін болған. Сондай-ақ, М. Наливкинның материалдарында қалын малды төлеу кедей отбасыларда ұзаққа созылатыны айтылады (Наливкин, 1886: 196-229).

Қарақалпақтарда да қалың мал көлемі де қазақ, қырғыздармен шамалас болып, ол ірі қараның есебімен 40 бас ірі қарадан 100 ірі қараға дейін жеткен (Бекмуратов, 1967:13). Алайда кейінгі кезеңдерде қарақалпақ халқының қалың мал мөлшері азайып, оның құрамы 8 ірі қарадан, 8 қойдан, 4 жылқыдан және 5 пұт астық, 10 пұт ұн, әртүрлі мата кездемелермен қоса, қант, жеміс жидектер берілетін (ДЭЭМ:1993).

Халық арасынан жиналған деректерге қарағанда қалың мал мөлшері көбіне кедейлерде 12-17 бас малдан тұрған. Бірақ баяғыдай қалың мал мөлшері 47, 37, 27, 17 бас мал аталып, оның орнына ақшалай беріледі (Оразов, 1972:96). Көріп отырғанымыздай, қарақалпақтарда қалың мал атауы қазақтармен «47, 37...,» аталған. 1903 жылы Гиршфельд пен Галкин Хорезм оазисінде қалың мал көлемі 1000 сомға дейін жетті, - деп көрсетеді (Гиршфельд и Галкин, 1903:100). Бұл цифр Қоныс аудару басқармасы материалдарымен де дәлелденеді: «Қалыңдыққа міндетті түрде қалың мал төленеді, ол кедейлерде 150-200 сом болса, байларда 1000 сомға дейін» (Материалы по обследованию, 1915:160 с.). Қалың мал көбіне өзбектер мен түркімендерде ақшалай болса, қарақалпақтар мен қазақтарда мал түрінде берілген. Бірақ қалың мал көлемі де халықтың әлеуметтік әл ауқатына байланысты кейін келе ақша түріне өткен. Ал, XX ғ. аяғында қалың малдың көлемі 2-3 бас қара мал не 1-1,5 миллион сум болғандығы жөнінде Ташкент вилояти Янгийул тумани Қирқсадақ махалласынан жинаған материалдарда көрсетіледі (Борозна, 1966:127). Домалақ қалың мал Қарақалпақстанның Беруни қазақтарында да қазірге дейін сақталғандығын, мұнда келісілген қалың малдан басқа берілмейтіндігін ел арасынан жинаған материалдардан байқауға болады (ДЭЭМ, 2001). Қалың малда айтылған мал саны берілмей іштегі төлмен қоса есептелуі басқа халықтарда да кездеседі.

Түркімендер қалың малды қыз ата анасына берілетін сый деп түсінеді. А. Андреевтің пікірінше, түрікмендердің дәстүрлі құқықтық әдеті, қалың мал бұл қыздың ата-анасына берілетін төлем яғни оның

тұрмысқа шыққанға дейінгі қызды бағып қағып, тәрбиелеп өсіргені үшін беріледі, - деп жазады (Андреев, 1900: 532-534). Түркімендерде қалыңдыққа қалың мал төлеу некенің барлық түрінде төленеді, тек бір жағдайда: екі отбасы бірі-бірінің қызымен алмасып, қарсы құда болған жағдайда төленбеген. Оны «гарша» деп атайды. Қалың малдың көлемі түркімендер тобының әрқайсысында әрқалай. Қалың мал көлеміне қыз бен жігіттің туыстық қатынасы да ықпал еткен. Түрікмендердегі қалың мал төлеу жүйесі қан жағынан және туыстық жақындығына орай, яғни қалын малды қыздың әкесіне, ағасы, атасына ретімен беріледі. Неке туыс отбасылардың арасында жүргізілсе де қалың мал беру тоқтамайды (Джикиев, 1963: 153–163). Дегенмен де, жақын туыстар арасында келісім болса қалың мал азырақ төленеді, себебі, туысқандар арасында қалың мал көлеміне келісу оңайлау. Э. Эйхвальд түрікмендердің қалын мал көлемін бірнеше қойдан, жылқы мен тұрмысқа қажетті заттардан тұратынын жазады (Эйхвальд, 1838: 153). К. Боденің мәліметі бойынша, қыздарға берілетін қалың мал көлемі батыстық жомут түркімендерде 5 түйеден басталғанда, жесір әйелдің қалың малы 10 түйеден кем болмаған (Боде, 1856:114). Автордың түсінігінше, қыздарға қарағанда әйел жұмысқа икемді әрі тәжірибелі болатындықтан деп санайды. Қалыңдық екінші не үшінші әйелдікке барса да қалың мал көлемі көбірек төленетіндігін Оразов еңбегінде атай келіп, Балхан жомут-малшыларының жесірі екінші рет күйеуге шығатын болса қалың малы 10-12 түйеден 18-20 түйеге, кей жағдайда 35-40 түйеге дейін жететіндігін жазады (Оразов, 1964:90-97). Ал, И. Ибрагимовтың дерегі бойынша, керісінше солтүстік хиуалық түркімендер жесірге 50 тіллә не 4 түйе берсе, қызға әсіресе ауқатты жердің қызына қалың мал 150 тіллә не 10 түйе беретін болған (Ибрагимов,1874:45). М.Н. Галкин өзінің жұмысында жомут-малшылары қалың малды 10-15 түйемен төленіп, кейде оның жартысы қайта қайтарылып жатады деп көрсетеді (Галкин, 1868:37). XIX ғ. аяғында А. Ломакиннің мәліметі бойынша қалың мал мөлшері жомуттарда 5-12 түйеге дейін жетсе, олардың көршілері гоклендерде 2000-3500 кран, ал текиндерде 2000 - 4000 кран болған (Ломакин,1897:5). Жоғарыда көрсеткендей, кейбір авторлар жас қыздың қалын малы, жесір әйелдің қалын малынан арзан болды деген пікір білдіреді. Оның негізгі себебі ретінде жесір әйелдің жасының үлкендігіне қарай ол жұмыс күші ретінде жоғары бағаланады деп түйіндейді (Андреев, 1900: 532–534). П. Васильев пен Д. Овезов бұл пікірді жоққа шығарып, жесір әйелдің қалын малы жас қыздың құнынан аспайды деп жазады (Васильев, 1954:187-188; Овезов, 1964: 28-32).

Көріп отырғанымыздай, қалың мал көлемі түркімен тайпаларында әртүрлі болды, отырықшылықпен айналысқан тайпаларында (гоклен, теке, кейбір жомут) ақшалай жүрсе, Балқан өңіріндегі мал шаруашылығымен айналысатындары малмен төледі. Қалыңдықтың қалың мал көлемі әр кезде де қыздың шыққан жеріне, ата-анасының әлеуметтік жағдайы, қыздың жеке жетістіктері, сұлулығы, тәрбиелілігі, қолынан іс келетіндігі, т.б. байланысты. Қалың мал көлемі жігіттің он екі мүшесіне де қатысты, егер оның бір жері кем болса да қалың мал артығырақ беретін болған. Қалын малдың негізгі құрамына малдан бөлек, кілем, қымбат киімдер мен маталар кірді. Қалымға берілетін малдың саны нақты көрсетілмейді (ДЭЭМ, 2000). Н.А. Кисляковтың пікірінше, қалың мал беру дәстүрі ерте кезеңнен келе жатқан патриархалдық отбасының болуымен байланысты дейді (Кисляков, 1952:76-77.). Түрікмендер мен қазақтар арасында қалын мал төлеу мәселесінде ортақ ұқсастықтар да бар. Оны қалын малды мал басымен және бөліп төлеу жағдайларынан байқауға болады. Түрікмендер арасында да күйеуге шыққан әйел қалың мал төлеп біткенше тойдан кейін бір жылға дейін өз ата анасының үйінде тұрады. Ал түрікмендердің салыр, сарық сияқты тайпалар арасында қалын малды тойға дейін төлеп тастау сақталған. Н.А. Кисляковтың пікірінше, соңғы кезеңге дейін патриархалдық отбасы тұрмысын кешкен және патриархалдық қатынастар сарқыншақтары сақталған таулы тәжіктерде неке қалың мал төлеумен бекітілсе, ал XIX-XX ғ. басында моногамиялы отбасыға өткен тегістіктегі тәжіктерде әсіресе қала тәжіктерінде қалың мал кездеспейді, кездессе де кейбір сарқыншақтары қалғандығын айтады (Кисляков, 1952:76-77).

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында таулы қыраттарда тұратын тәжіктерде қалын мал төлеу сый алмасудың маңызды бір бөлігі ретінде қаралды. Тәжіктердің қалын мал құрамына 7 ден 12 бас мал кірді. Сонымен қатар, 100-150 метр мата мен тойға қажетті азық-түлікті қамтыды. Шаруашылық жағдайдың қолайсыз аймақтарында мекендеген тәжіктер үшін қалын мал төлеу күрделі үрдіс ретінде қарастырылды. Мысалы, баласын үйлендіретін ата-анаға көрсетілген қалын малды төлеу оңайға түскен жоқ. Сол үшін ұзақ уақыт бойы тәжіктер қалын малды бөліп төлеуге немесе жылдар бойы созуға мәжбүр болды.

